

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD)  
философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың  
ғылыми-теориялық негізі» тақырыбындағы  
«Торайғыров университеті» КЕАҚ докторантты  
Кодекова Галия Бикеновнаның докторлық  
диссертациясына ресми рецензенттің**

**ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертациялық жұмыс қазіргі заманың талабына сай болашақ студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың негізгі алғышарттары ретінде қалыптасып келе жатқан және осы уақытқа дейінгі өз шешімін табу барысындағы зерттеуге арналған кәсіби қабілетті зерттеуге бағытталған. Дүниежүзілік құбылыстар мен үдерістерге сәйкес, бағдарламамызда Қазақстандық қоғамның ашықтығы, кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға енуі, ғылым мен техниканың дамуы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мәселелерін алға қойды, сол арқылы мамандар мен жоғары білікті кәсіпқойларға деген қажеттілік едәуір артты. Бәсекелестік білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқытудың нақты нәтижелеріне қойылатын талаптарды күштейтуді және түлектерде жана сапаларды дамыту қажеттілігін, мысалы, ұжымда жұмыс істеу қабілеті, өздігінен білім алу қабілеті, кәсіби қызмет саласын тез өзгертуге дайын болу, кәсіби ойлау – жетістікке жету құралы ретінде қалыптастыру заңдылықтары заман талабынан туындайтынын көрсетеді.

Жоғары оқу орнының түлектері біліктілігіне және оларды даярлау бағытына қойылатын талаптардың күшеюі көптеген білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы кәсіби орта талаптарына сәйкесіздігін анықтады. Үнемі өзгеріп отыратын ортаға барынша тез бейімделіп, ұтымды кәсіби шешімдерді қабылдап, басқару, көшбасы қабілеттерінен тұратын кәсіби ойлау қабілеті жіті дамыған мамандарға қажеттілігі күннен-күнге артуда. Осыған байланысты отандық және шетел ғалымдарының ой-пікірлері мен көзқарастары, олардың ғылыми зерттеулері үл мәселенің өзектілігін дәлелдейді.

Сол себептен, ізденуші Кодекова Галия Бикеновнаның «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі қазіргі заман талабына сәйкес, қарастырылып отырған ғылыми мәселе психология, педагогика ғылымындағы ете көкейкесті зерттеулер екенін атап көрсетеміз.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Зерттеу енбегінде ізденуші Галия Бикеновна тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

бірінші ғылыми нәтиже – студенттердің тұлғасы және кәсіпке бейімделу ерекшелігі;

екінші ғылыми нәтиже – психологиялық үдеріс ретінде ойлаудың мәні;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдары;

төртінші ғылыми нәтиже – студенттердің ойлау өнерін дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері;

бесінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары;

алтыншы ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі;

жетінші ғылыми нәтиже – «Мансап психологиясының» бағдарламасының, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқаулардың тиімділігі.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің диссертациялық жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелерінің тәжірибелік және теориялық құндылықтарының маңыздылығы жоғары.

Г. Бикеновнаның диссертациялық жұмысында алынған әрбір нәтижесінің, тұжырымдамалары мен қорытандыларының негізделу және шынайылық дәрежесі зерттеу мәселесін шешу жолдарының теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттері бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін оңтайлы пайдалануымен, зерттеу мәлеметтерін сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдік рейтингті журналдарда, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы, шетелдік және отандық конференцияларда баяндалуы, талқылануы зерттеу нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

## **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында Г.Б. Кодекова төмендегідей жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

*Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі рецензияланатын жұмыста қазіргі заманғы отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарына егжей-тегжейлі талдау, феноменін табу, басымдығын айқындау келтірілген, соның негізінде*

студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың мәні мен мазмұны ашылып, теориялық түрғыдан негізделген;

*Екінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, ізденуші зерттеу мәселелеріне қатысты әдіснамалық, педагогикалық, психологиялық, философиялық және қоғамдық-гуманитарлық әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде «студент», «кәсіп», «кәсіби ойлау» ұғымдарының анықтамасы, олардың мәндік және мағыналық негізі, «Кәсіби ойлау қабілетіне» авторлық анықтама берілген; студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланған;*

*Үшінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалдық сауаттылыққа ықпалы анықталған;*

*Төртінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін педагогикалық шарттары бернеленген;*

*Бесінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, «Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» атты блогы; диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқаулары ұсынылған;*

*Алтыншы ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі өзірленген;*

*Жетінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, теориялық және эксперименттік зерттеу арқылы студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдары мен жолдарының тиімділігі сынақтан өткен.*

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Үш тараудан жеке тақырыптың ғылыми жүйесіне сай бөлінген тараушалардың желісі мен жүйесі, диссертациялық жұмыстың ішкі құрылымдық бірлігі сақталған, ұғымдық-категориялық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған.

Ізденуші жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәніне сай. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Диссертация нәтижелерінің ішкі тұтастылығы кіріспедегі ғылыми аппаратында, үш бөлімде және тұжырымдарында көрініс тапқан. Зерттеу материалдары тұтастылығымен, логикалық бірізділігімен және қисынды бірлігімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны өзара байланыста және сабактастықта құрылғандығы зерттеудің біртұтастығын негіздейді.

Алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогиканың теориялық мәселелері мен студенттердің прагматикалық іскерлігі практикалық түрғыдан тексеріліп, оның маңыздылығы сараланған. Диссертациялық жұмыста бірінші рет студенттердің кәсіби ойлау қабілетін құрайтын компоненттері анықталып,

әрбір компонент дамуының индикаторлары берілген, оның ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім берудің мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ұстаздар қауымы мен педагог мамандардың біліктілігін арттыруға және педагогика, психология мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының студенттері үшін пайдалануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары, басты ұстанымдары мен ғылыми нәтижелері КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарық көрген. Сонымен қатар, аталған диссертацияның қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қағидалары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және Республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мақалалары жарық көрген.

Докторанттың жасаған баяндамалары мен мақалалары диссертациялық еңбектің мазмұнымен іштей ұштасып, алдына қойған зерттеушілік мақсаттарымен тығыз байланыста құрылған.

## **8. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.**

Талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұны мен құрылымындағы кейбір ескертулерді атап өтеміз:

1-ескерту. «Ақыл» және «ой», «пайым», «парасат», «бағам» т.б. ұғымдарының бір-бірімен байланысы және ерекшеліктері диссертацияда анық сараланбаған.

2-ескерту. Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуға базалық пәндер мен электривті курсардың ықпалын саралап көрсете түссе де болар еді.

3-ескерту. Онлайн әдістері көбірек қамтылғанда, әдіснамалық нұсқаулықтардағы бейне роликті дайындау тапсырмасы бойынша жиналған кәсіби жағадаяттарды сараптамадан өткізіп, электронды оку құралы ретінде әзірленсе, диссертацияның маңыздылығы арта түсер еді.

4-ескерту. Диссертацияның рәсімделуі талапқа сай, дегенмен ішінара орфографиялық қателіктер кездеседі.

Бұл аталған кемшіліктер мен ескерулер зерттеу жұмысының құндылығына әсерін тигізбейді. Ұсыныс ретінде қабылданады деп білеміз.

## **9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Корғауға ұсынылып отырған Г. Кодекованың PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін

дамытудың ғылыми-теориялық негізі» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған түжірымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарын толығымен қанағаттандырады. Кодекова Галия Бикеновнаға 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің,  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-  
өзі тану» кафедрасының  
философия (PhD) докторы**



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАГЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ФАКУЛЬТЕТІ  
А.К. Аманова

**А.К. Аманова**

